

ТАҚЫРЫП 12. Мемлекеттік басқару қызметінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігі

Дәріс жоспары (2 сағат)

Дәріс 1

1. Мемлекеттік басқару нәтижелерін талдау әдістемесі және оларды бағалау
2. Мемлекеттік және аймақтық деңгейлердегі басқарушылық қызмет тиімділігінің экономикалық аспектісі
3. Мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігін бағалаудың мәні мен шарттары

Әдебиеттер: нег: 1-21; қос 22-65


Сұрақ 1. Мемлекеттік басқару нәтижелерін талдау әдістемесі және оларды бағалау

- Мемлекеттік басқару органдарының іс-әрекетін бағалау түрлерін қарастыру барысында түрлі авторлар түрлі **терминологияны** қолданады:
 - а) *нәтижелілікті бағалау;*
 - б) *сапаны бағалау;*
 - в) *тиімділікті бағалау.*
- *Нәтижелілікті бағалау* - күтілетін нәтижеге қол жеткізу дәрежесі;
- *Сапаны бағалау* - зат немесе құбылыс қасиеттерінің олардың мәніне сәйкестігін бағалау.

ЭФФЕКТ, ТИІМДІЛІК, МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЭФФЕКТИСІ

- «*Эффект*» (лат. effectus) термині - қандай да бір әрекет, объектінің жағдайы;
- «*Тиімділік*» (лат. effections) термині - әрекет етуші, қалаулы нәтижені беруші.
- *Мемлекеттік басқарудың эффектісі* - мемлекеттік басқару субъектісінің өзгермелі жағдайда алға қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін объектіге мақсатты ықпал ету қабілеттілігі.


Тиімділікті өлшеуге (бағалауға) қатысты әдістемелік тәсілдемелер



Сурет 1 – Тиімділікті өлшеуге қатысты әдістемелік тәсілдемелер (жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларының мысалында)

Үнемділік, өнімділік және нәтижелілік индикаторларының мәні

- **Үнемділік** мемлекеттік сектордағы іс-әрекеттің шығынды жағын сипаттайды. Қажетті құрам, саны мен сападағы ресурстардың минималды мүмкін болатын шығындармен алынып, пайдаланылатын шешімдер үнемді болып есептеледі. Үнемділік үнемдеу ретінде түсіндіріледі, яғни игіліктің бір алушысына (егер игілік алушы жеке тұлға болса) жұмсалған шығындар, қоғамдық секторға тартылатын шығынды ресурстардың қысқартылуы, артық қорлардың қысқартылуы, мысалы кәсіби оқытудан өткен бір жұмыссызға шаққандағы шығындардың төмендетілуі жатқызылады.
- **Өнімділік** өндірілген өнім (қызмет) мен оны өндіруге тартылған жеке тұлғалар санының ара-қатынасы ретінде, яғни 1 оқытушыға шаққандағы кәсіби оқытудан өткен жұмыссыздар саны бойынша анықталады.
- **Нәтижелілік** қоғамдық шығындар мен олардың нәтижелерінің қоғамдық сектор мақсаттарына сәйкестігін сипаттайды, яғни кәсіби дайындық, біліктілікті арттыру, қайта даярлаудан өткен тұрақты жұмыс орнына орналастырылған азаматтардың саны.



Сурет 2– «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының шеңберінде кәсіптік даярлау көрсеткіштерінің мысалында мемлекеттік басқару тиімділігі мен нәтижелілігін анықтаудың логикалық моделі

ТИІМДІЛІК, САПА КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ МӘНІ

- ***Тиімділік көрсеткіші*** - іс-әрекет нәтижесін немесе алға қойылған мақсатқа қол жеткізу жолындағы табыстылықты сипаттайтын сандық индикатор, яғни бұл:
 - мемлекеттік қызметті ұсыну,
 - өз функцияларын орындау,
 - бюджеттік бағдарламаны және жалпы стратегиялық жоспарды іске асыру үдерісінде мемлекеттік органның әрекетімен қол жеткізілген прогресс
- ҚР Бюджет Кодексінің 32 бабына сәйкес сапа көрсеткіштері - бұл көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің оны алушылардың талабына және мемлекеттік қызметтер көрсету стандартына сәйкестігінің деңгейін көрсетеді, мысалы, бағдарламадан өтіп, тұрақты жұмыс орнына орналасқан халықтың қанағаттану дәрежесі.
- Бюджеттік заңнамаға сәйкес тиімділік көрсеткіштері - «бекітілген бюджет қаражаттарының көлемін пайдаланумен ең жақсы тікелей нәтижеге қол жеткізуді немесе аз көлемдегі бюджет қаражаттарын пайдаланумен тікелей нәтижеге қол жеткізу».

Кесте 1 – Мемлекеттік басқаруды бағалауға қатысты тәсілдемелердің түрлері

Тәсілдеме	Тиімділікті бағалаудың негізгі сипаттамасы	Бағалауды қалыптастыру базасы
Құқықтық	Мекеме іс-әрекетінде құқық бұзушылықтардың болмауы бағаланады	Салық, бақылау-ревизиялық органдары, прокуратура, өзге бақылаушы органдардың тексеріс мәліметтері
Әлеуметтік бағдарланған	Мемлекеттік мекеме іс-әрекеті жайлы азаматтар арыздары мен наразылықтарының болуы не болмауы бағаланады	Азаматтар пікірлерін, бұқаралық ақпараттағы басылымдарды талдау
Эксперттік	Мемлекеттік мекеменің қоғамдық пайдалылығы мен тиімділігі туралы білікті қызметкерлердің пікіріне негізделген бағалаудың түрлі әдістерін енгізу	Мәліметтерді сараптамадан өткізу үшін қажет
Прагматикалық	Сандық және сапалық көрсеткіштерді бағалау арқылы мемлекеттік мекеме іс-әрекетінің тікелей нәтижесі бағаланады	Іс-әрекет нәтижелері туралы жылдық және тоқсандық есеп мәліметтері, статистикалық және өзге мәліметтер

Мемлекеттік басқару сапасының неғұрлым беделді халықаралық индекстерін Бүкіләлемдік банк, халықаралық үкіметтік емес ұйым Transparency International және Бүкіләлемдік экономикалық форум құрайды

- **Бүкіләлемдік банк** мемлекеттік басқарудың Бүкіләлемдік көрсеткішін (215 ел) 6 индикатор бойынша бағалайды. Мысалы, «Үкімет жұмысының тиімділігі» индикаторы бойынша 2012 жылы Қазақстан орташа деңгейде бағалануда.
- **Бүкіләлемдік экономикалық форум** қолдайтын бәсекеқабілеттілік индексі экономикалық өсім үшін маңызды қоғамдық институттардың сапасына баға береді. 2013 жылы Қазақстан 148 елдің ішінде 50-ші орынды иеленді. Оның ішінде мысалы, «Еңбек нарығының тиімділігі» индикаторы бойынша (жұмыскерлерді жалдау күрделілігінің индексі, жұмыс уақытының иілмелі болмауы және кадрларды қысқарту қиындығының индексі) Қазақстан 2013 жылы жоғарғы орындардың бірін иеленіп отыр (15-ші орын).


2010 жылы Елбасының №954 Жарлығымен Қазақстанда орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың іс-әрекет тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі енгізіліп, ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау Министрлігінің «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ шеңберінде Қазақстанның мемлекеттік органдарының әрекет ету тиімділігін бағалау **Орталығымен** қазіргі таңда 7 бағыт бойынша 40 мемлекеттік органдардың (24 орталық мемлекеттік орган, 16 облыстық және республикалық маңызы бар әкімдіктер) іс-әрекеті бағалануда

Сұрақ 2. Мемлекеттік және аймақтық деңгейлердегі басқарушылық қызмет тиімділігінің экономикалық аспектісі

Мемлекеттік басқару тиімділігін бағалаудың 2 бағытын қарастыруға болады:

- экономикалық тиімділік – нақты жағдайлардағы әсердің шығындарға қатынасының сандық бағасы: іс-әрекетті оңтайландыру есебінен алынатын үнемділік. Ол қалыптасқан жағдайда әрекет етуші жүйелердің қызмет етуі барысында қаражаттардың жинақталуын сипаттайды;
- әлеуметтік тиімділік – мемлекеттік басқару органы мақсатының халықтың қажеттіліктеріне сәйкестігін сипаттайтын іс-әрекеттің сапалық бағасы.

- *Экономикалық тиімділік* - алынған нәтижелердің жұмсалған ресурстарға қатынасы

түсініктің  **МЕМШІЛІГІ:**
өндірілген өнім немесе ұсынылған қызметтің сапасы ескерілмейді.

ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ МӘНІ

- **В. Азжеуров:**
тиімділік аудиті – мемлекеттік функцияларды орындап, мемлекеттік ресурстарды пайдаланатын бақыланатын объектілердің жұмыс тиімділігін бағалауды қамтамасыз ететін және олардың іс-әрекетінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар өңдейтін мемлекеттік қаржылық бақылаудың формасы.
- «Тиімділік аудиті» (Канада мен Ұлыбританияда «қаражаттарды пайдаланудан пайда алу аудиті», АҚШ-та «операциялық аудит», Қазақстанда «тиімділікті бақылау», Норвегия мен Швецияда «басқару аудиті») түсінігі жиі қолданылуда, яғни қаржылық ресурстарды пайдалану тұрғысынан мемлекеттік органдардың іс-әрекетін бағалау.

ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН.....

Тиімділік аудиті қазақстандық тәжірибеде тиімділікті бақылау түсінігімен сипатталып, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетімен жүзеге асырылады.

Мысалы, Есеп комитетінің есебіне сәйкес, 2012 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесуші орталық орган Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің нәтижеге бағдарланған басқарудың жаңа құралы болып табылатын стратегиялық жоспарын бағалау барысында министрліктің 2012-ші жылы стратегиялық жоспарындағы 26 бюджеттік бағдарламада 83 көрсеткіштер қарастырылып, оның ішінде 22 көрсеткіштің орындалмағаны, бөлінген 1156,8 млрд.теңгенің 0,2 млрд.теңгесінің игерілмегені анықталды.

Туындаған жағдайды *стратегиялық жоспарларда мемлекеттік органның іс-әрекетінен тәуелді болмайтын нысаналы индикаторлардың болуымен, көрсеткіштерді өңдеуде мемлекеттік органдардың формальды қатынастарының болуымен түсіндіруге* болады.

А.Бочарова: “тиімділікті бағалау кезеңі жаңа мемлекеттік менеджментті ескі «веберлік» басқару моделінен айрықшалайтын құрал ретінде басты рольге ие”.

- Бағдарламаны бағалау – бұл бағдарлама шеңберіндегі іс-әрекет, оның сипаттамалары мен нәтижелері туралы ақпаратты жүйелік жинақтау.

- **Мониторинг** - тұрақты әрекет етуші жүйе;
- **Бағалау** белгілі кезеңде жүзеге асырылады;
- Егер мониторинг жүйесі индикатор мәндеріне негізделсе;
- Бағалау мониторинг (индикатор мәндері) мәліметтерін ескере отырып жүргізіледі, бірақ олармен шектеледі.

Міне, сондықтан мониторинг және бағалау жүйесі бір бірін өзара толықтырғанмен, ешқашан бір бірін алмастыра алмайды.

Кесте 2 - Бағдарламаларды бағалаудың бірнеше типтік

ТОПТАРЫ

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері бойынша бағалаудың типтері:	
алдын ала бағалау	бағалауды бастау үшін қолданылады, мүмкін болатын «шығындар», «пайда» және «әсерлерін» алдын ала бағалауды қамтиды
аралық бағалау	бағдарламаны іске асыру барысында жүзеге асырылады
жалпылаушы бағалау	бағдарламаның аяқталуынан кейін жүзеге асырылады
Мақсатты тағайындалуы бойынша бағалаудың типтері:	
қажеттілікті бағалау	бағдарламаны іске асыру қажеттілігін анықтаған әлеуметтік-экономикалық жағдайды бағалау
өңдеу процесін бағалау	бағдарламаны даярлау сапасын талдау (өңдеушілердің құрамы мен біліктілігі, бағдарламаның логикалық сызбасы, бағдарламаның мазмұны мен ресурстық қамтамасыз етілуін сараптамадан өткізу)
нәтижелілікті бағалау	бағдарламаны орындау барысында қол жеткізілген нәтижелерді сараптамадан өткізу, қол жеткізілген нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстыру
тиімділікті бағалау	бағдарлама нәтижелерін оны іске асыру барысында жұмсалған ресурстармен салыстыру
әсерді бағалау	бағдарламаның орындалу барысының қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсерін бағалау
«шығындар-пайданы» бағалау	бағдарламаның барлық шығындары мен пайдасының ақшалай көріністегі арақатынасын анықтауға мүмкіндік беретін бағалау
өнімділікті бағалау	бір игілік алушыға шаққандағы бағдарламамен ұсынылған оңтайлы нәтижелер мен өзге игіліктерді өлшеу

ОТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН...

Көптеген жағдайларда билік тек көзделген шаралардың өткізілуіне бақылауды ғана жүзеге асыра отырып, жоспарлы және нақты шығындар мен клиенттерді қамтуды салыстыруға негізделген сандық көрсеткіштерді қолданады: қанша қаражат бөлінді – қанша қаражат жұмсалды, қанша адамдарды немесе ұйымдарды «қамту» жоспарланды – нәтижесінде қаншасы «қамтылды».

Бағдарламаны іске асырудан қоғамның алған әсерін және ондағы сәйкес өзгерістерге сапалық бағалау ешқашан жүзеге асырылмайды деуге болады. Сәйкесінше, бағдарламаның әрекет ету сапасы, халықтың қанағаттандырылуы және салынған бюджет қаражаттарының эффектісі туралы мәселе назарға алынбайды!!!




Осы аталған көрсеткіштер ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің «Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына қосылған әлеуметтік-еңбек саласы бойынша көрсеткіштер есебінің әдістемесін бекіту туралы» 2013 жылғы «31» қазандағы № 532-ө-м бұйрығының 1-ші қосымшасында көрсетілген. Яғни аталмыш әдістемеге сәйкес есептелетін **көрсеткіштер тізбесі мынадай:**


1. Кәсіптік оқытуға жіберілген азаматтардың үлес салмағы;
2. ЖЖК 2020 қатысушыларының қатарынан қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен, кәсіпкерлік негіздеріне оқытумен қамтылғандардың үлес салмағы;
3. ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендердің қатарынан бағдарламаның іс-шараларымен қамтылған азаматтардың үлес салмағы;
4. ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендердің қатарынан бағдарлама іс-шараларымен қамтылған әйелдердің үлес салмағы;
5. ЖЖК 2020 қатысу мәселесі бойынша өтініш білдіргендердің қатарынан бағдарлама іс-шараларымен қамтылған 29 жасқа дейінгі жастардың үлес салмағы;
6. Жәрдем сұрап өтініш білдіргендердің қатарынан ЖЖК 2020 және аумақтарды дамыту бағдарламасы шеңберінде тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастырылған адамдардың үлес салмағы.

«Жұмыспен қамтудың 2020 жол картасы» бағдарламасын бағалаудың әрекет ететін көрсеткіштері


Бағдарлама бағыттары/ көрсеткіштер	1-ші бағыт	2-ші бағыт	3-ші бағыт
3 бағыт бойынша қолданылатын көрсеткіштер	1. Өтініш бергендер саны		
	2. Әлеуметтік шарт жасасқандар саны		
	3. Қаражаттар бөлінді/ қаражаттар игерілді		
	4.Жобалар саны, бірлік	4.кәсіпкерлік негіздері курстарынан өтті/микронесиелер алды	4.кәсіптік оқумен (әлеуметтік жұмыс, жастар практикасы) қамтылды/аяқтады
	5.Жобаларға жұмысқа орналастырылды, адам	5.Қосымша жұмыс орындарына орналастырылды, адам	5.олардың ішінен жұмысқа орналастырылды
	6. оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы	6. оның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы	6.соның ішінде тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды



Бағдарламаны бағалаудың әрекет ететін көрсеткіштері
көрсетпейді



1. Оқуды қанша адам аяқтады және қанша адам өз ісімен айналысу формасында алынған білімді табысты жүзеге асырды;
2. Түпкілікті қарыз алушылардың ішінен несиелерді өтеуді бастағандардың үлесі;
3. 1 жылдан кем болмайтын мерзімде әрекет ететін жобалардың саны;
4. Бағдарламаның әр бағыты бойынша қатысушыларға жұмсалған шығындар көлемі;
5. Жұмыспен қамту Орталықтары арқылы жұмысқа орналастырылған бір қатысушыға шаққандағы шығындар және т.б.



Кәсіптік оқытудан кейін әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы арқылы жұмысқа орналастыру шығындары

Шығын көрсеткіштері	2011	2012	2013	Кезең бойынша орташа
<i>Кәсіптік оқытудан кейін ӘЖО арқылы жұмысқа орналастыру шығындары, мың теңге</i>				
Оқуды аяқтаған 1 қатысушыны кәсіптік оқытуға жұмсалған шығындар	454	785,7	764,7	668,1
Әлеуметтік жұмыс орнынан кейін тұрақты жұмыс орнына орналасқан 1 адамға шаққандағы шығындар	74,0	242,8	200,0	133,8
Жалпы шығындар	528	1028,5	964,7	840,4
<i>Кәсіптік оқытудан кейін жастар практикасы (ЖП) арқылы жұмысқа орналастыру шығындары, мың теңге</i>				
Оқуды аяқтаған 1 қатысушыны кәсіптік оқытуға жұмсалған шығындар	-	785,7	764,7	668,1
ЖП арқылы тұрақты жұмыс орнына орналастырылған 1 қатысушыға шаққандағы шығындар	-	490,0	484,4	487,2
Жалпы шығындар	-	1275,7	1249,1	1155,3
Ескерту – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің материалдары бойынша автормен есептелді				

Сұрақ 3. Мемлекеттік басқарудың жалпы әлеуметтік тиімділігін бағалаудың мәні мен шарттары

- **Әлеуметтік тиімділік** – мемлекеттік басқару органы мақсатының халықтың қажеттіліктеріне сәйкестігін сипаттайтын іс-әрекеттің сапалық бағасы.

Маршалл Димок: «тиімділіктің барлық түрлері әлеуметтік бағдарланған болып табылады».

Көп жағдайларда әлеуметтік әсер сандық өлшемге алынбағандықтан (экономикалықпен салыстырғанда), оны мемлекетте болып жатқан сапалық өзгерістермен анықтайды. Яғни, ол жанама нәтижелермен өлшенеді, мысалы, жұмыспен қамту бағдарламасына қатысып, тұрақты жұмысқа орналасқан халықтың қанағаттануы, жұмыс берушілердің кәсіптік оқыту сапасы, әлеуметтік жұмыс орындарының жағдайына қанағаттануы және т.б.

- «Әлеуметтік үнемдеу» және «әлеуметтік тиімділік» туралы сөз қозғау қарқыны байқалуда, себебі мемлекеттік басқару саласындағы органдар іс-әрекетінің басты нәтижесі болып көбінесе әлеуметтік әсер табылады.
- ***Әлеуметтік әсер*** – мемлекеттің территориясында және кейбір жағдайларда оның территориясынан тыс халық үшін қолайлы жағдай жасау, ұсынылатын мемлекеттік қызметтер сапасын арттыру және т.б.

Жалпы әлеуметтік тиімділіктің критерийлері:

- Әлемдік параметрлерге сәйкес еңбек өнімділігінің деңгейі;
- БҰҰ әдістемесі бойынша есептелетін ұлттық байлық өсімінің қарқыны мен ауқымы;
- Дамыған елдер стандарттарына сәйкес халықтың жан басына шаққандағы адамдардың әл-ауқат деңгейі;
- Қоғамдық қатынастардың қауіпсіздігі мен сенімділігі, олардың ұдайы өндірілуі

Әрекет етуші индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнімді сандық бағалау

- Инфрақұрылымдық жобалардың саны

Ресурстарды сандық бағалау

- Қаражаттар бөлінді
- Қаражаттар игерілді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- Аяқталған жобалар саны;
- Инфрақұрылым мен ТКШ жобаларындағы жұмыс орындар саны (адам)

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Жұмыспен қамту орталықтары арқылы ТКШ жобаларында құрылған жұмыстарға орналасу %-ы

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

Жоқ

5. Халық үшін жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

Жоқ

Талап етілетін индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнім мен ресурстардың сандық бағалануы талаптарға сәйкес келеді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- Құрылған жұмыс орындарына жұмысқа орналасу %-ы

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Құрылыс жобасы аяқталғаннан кейін тұрақты жұмысқа орналасу %-ы;
- Әлеуметтік шарт жасасқандар ішінен құрылған жұмыс орындарына орналасқандар %-ы;
- Жұмыспен қамту орталықтары арқылы құрылған жұмыстарға орналасу %-ы

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

- Үлестік шығындарды есептеудің қажеті жоқ, себебі аталмыш бағыттар бойынша шығындар тек инфрақұрылым жобасының құрылысына жұмсалады, ал қатысушы еңбекақы алады (қатысушылардың жалпы көлемі бойынша ол туралы ақпаратты жинау мүмкін емес).

5. Халық/кәсіпорындар үшін инфрақұрылымды және ТКШ дамыту есебінен жұмыспен қамтудың мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

- Инфрақұрылым жобаларында жұмыспен қамту орталықтары арқылы жұмысқа орналасқан халықтың қанағаттануы, %

ЖЖК-ғы 1-ші бағыт бойынша әрекет етуші және ұсынылатын индикаторлар мен көрсеткіштер

кешені

Әрекет етуші индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнімді сандық бағалау

- Шағын несиелер алушылар саны
- Кәсіпкерлік негіздеріне оқыту курстарын өткендер саны

Ресурстарды сандық бағалау

- Қаражаттар бөлінді/ Қаражаттар игерілді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- Кәсіпкерлік негіздері курстарынан өткен қатысушылар саны;
- Өз ісін ашу және кеңейтуге шағын несиеленгендердің % -ы

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Шағын несиелену ниетін білдірген ЖЖК қатысушыларын қамту;
- Шағын несиеленуші қатысушылардан қосымша жұмыс орындарына орналасқандардың % -ы

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

- Шағын несиелену орташа мөлшері;
- Бюджет қаражаттарының көлемі

5. Халық үшін жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

Жоқ

Талап етілетін индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнім мен ресурстардың сандық бағалануы талаптарға сәйкес келеді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- Кәсіпкерлік негіздері курстарынан өткен қатысушылардың % -ы;
- Өз ісін ашу және кеңейтуге шағын несиеленгендердің % -ы

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Кәсіпкерлік негіздерін оқығандар ішінен өз ісін ашқандар саны;
- Түпкілікті қарыз алушылар қатарынан несиеленуі бастаған кәсіпкерлердің үлесі, %;
- Кәсіпкерлік істі ұйымдастыру арқылы құрылған жұмыс орындар саны, бірлік;
- Әлеуметтік шарт жасасқандар ішінен шағын несиелену беру арқылы қосымша жұмыс орнына орналасқандардың % -ы

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

- шағын несиеленуден кейін қосымша жұмыс орнына орналасқан 1 қатысушыға жұмсалған үлестік шығындар

5. Кәсіпкерлер мен халық үшін кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

- Шағын несиелену алған халық пен кәсіпкерлердің қанағаттануы, %
- Өз ісін ашқандар қатарынан кәсіпкерлік негіздері курстарынан өткен халықтың ұйымдастырылған курстар сапасына қанағаттану деңгейі, %
- Өз ісін кеңейтуге шағын несиелену алған кәсіпкерлердің қанағаттануы, %; - Қайтарымдылық % - ы

ЖЖК-ғы 2-ші бағыт бойынша әрекет етуші және ұсынылатын индикаторлар мен көрсеткіштер

жиыны

Әрекет етуші индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнімді сандық бағалау

- қатысуға ниет білдірушілер саны;
- өтініш бергендер саны;
- әлеуметтік шарт жасасқандар саны

Ресурстарды сандық бағалау

- Қаражаттар бөлінді/ Қаражаттар игерілді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- ЖЖК-2020 шеңберінде тұрақты жұмысқа орналасқандардың %-ы;
- Оқуды аяқтаған барлық қатысушылардан жұмысқа орналасу %-ы

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Барлық оқуды аяқтағандардан тұрақты жұмысқа орналасқандардың %-ы;
- Жұмыссыздық деңгейі, %

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

жоқ

5. Халық пен ұйымдар үшін жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

Жоқ

Талап етілетін индикаторлар мен көрсеткіштер

1. Өнім мен ресурстардың сандық бағалануы талаптарға сәйкес келеді

2. Аралық (тікелей) нәтижені бағалау

- Кәсіптік даярлау, біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өткендердің %-ы;
- Оқуды аяқтаған барлық қатысушылардан жұмысқа орналасу %-ы

3. Түпкілікті нәтижені бағалау

- Әлеуметтік шарт жасасқан барлық қатысушылардан тұрақты жұмысқа орналасқандардың %-ы;
- Барлық оқуды аяқтағандардан тұрақты жұмысқа орналасқандардың %-ы;
- ЖЖК шеңберінде кәсіптік даярлаудан кейін жұмысқа орналасқан және 1 жыл ішінде сол жерде қалған тұлғалардың үлес салмағы, %

4. Үнемділік тұрғысынан жұмыс тиімділігін бағалау

- Кәсіптік оқудан өткен 1 қатысушыға жұмсалған үлестік шығындар;
- Кәсіптік оқудан өткен тұрақты жұмысқа орналасқан 1 қатысушыға жұмсалған үлестік шығындар;
- ЖЖК кәсіптік оқыту арқылы тұрақты жұмысқа орналастыру мемқызметін ұсынудың толық шығындары

5. Халық пен ұйымдар үшін жұмыспен қамту мемлекеттік қызметінің сапасын бағалау

- Бағдарламаға қатысуға, оның ішінде кәсіптік оқыту сапасы, ӘЖО жағдайына жұмыс берушілердің қанағаттануы, %;
- Бағдарламаға қатысып, тұрақты жұмысқа орналасқан халықтың қанағаттануы, %;
- Бағдарламаға қатысудан білім беру орындарының қанағаттануы, %

ЖЖК-ғы 3-ші бағыт бойынша әрекет етуші және ұсынылатын индикаторлар мен көрсеткіштер жиыны